

Жақсыбайкөл негізгі мектебі

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілген жұмыстар туралы

2- сыныптың жылдық қорытынды есебі

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

2024-2025 оқу жылында сынып бойынша оқушы. үздік, екпінді.

2024-2025 оқу жылында 2-сыныпқа 3- оқушы қабылданды. Оның ішінде 3-еуі қыз бала. Оқу озаты 3-еу. Бисенбай Бибінұр,Сағынова Айкүнім,Хамит Ақнәзік

Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші -100% құрайды

Отбасылық жағдайы: Сыныпта 3 толық отбасынан. Сыныпта 2 оқушы көп балалы отбасынан: Сағынова Айкүнім,Хамит Ақнәзік Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды.

Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты.

2 сынып бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2-сынып бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында IV тоқсанда жоспарланған барлық іс-шаралар сапалы деңгейде жүзеге асты. Оқушылардың тәрбиелік деңгейінде оң өзгерістер байқалды. Бағдарлама бала бойында ұлттық рухты, мәдени құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағыттталып, нәтижелі жүзеге асырылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілген іс шараларға тоқталатын болсам:

1-қыркүйек Білім күніне «Мектебім-мейірім мекені» атты салтанатты жиыны өткізіліп, жиыннан соң біріңғай сынып сағаты өткізілді

Өткізілген іс шаралар тақырыбы:Менің отаным -Қазақстан

Мақсаты: Отан,елтуған өлке туралы білу және пайымдау.Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу.

Қамтылған оқушы саны: 3

«Мен және менің отбасым», «Бәрі де, Ана,бір өзіңнен басталады» , «Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі», «Әрбір бала бір жұлдыз,жарқырауына жәрдем ет», «Тәртіп тәрбие бастауы», «Алғыс-ізгі ниет» ,




«Наурыз-жыл басы,»

«Кітап сарқылмас бұлақ.



Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары білім беру мекемелерінде ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, балалардың тәрбиесі мен дамуына бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. 2024–2025 оқу жылында бұл орталықтар келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізді: «Ананың аялы алақаны», «Атадан –өсиет,анадан қасиет»,«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы»





2024–2025 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыстың жылдық қорытынды есебі

Мақсаты:

Мектеп пен ата-аналар арасындағы тиімді әріптестікті қалыптастыру арқылы бала тәрбиесінде бірізділік пен өзара жауапкершілікті қамтамасыз ету.

2024-2025 оқу жылында ата-аналармен жұмыс – мектептің тәрбие жүйесінің маңызды бір бөлігі ретінде қарастырылып, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының аясында жүйелі түрде ұйымдастырылды. Оқу жылы басында ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып, мектептің педагогикалық кеңесінде бекітілді.

1. Ата-аналар жиналыстары

Әр тоқсан сайын бекітілген жоспарға сәйкес мектеп бойынша және сынып жетекшілері деңгейінде ата-аналар жиналыстары өткізілді. Жиналыстарда келесі тақырыптар қарастырылды: Оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңалықтар; Оқушылардың үлгерімі мен тәртібі; Қауіпсіздік ережелері мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу; Ерте жүктіліктің, буллингтің, нашакорлықтың және зиянды әдеттердің алдын алу; Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі мен отбасы құндылықтары.

2. Ата-аналармен байланыс

Оқу жылы бойы ата-аналармен тұрақты кері байланыс қамтамасыз етілді:

Байланыс дәптері арқылы оқушының күнделікті жетістігі мен тәртібі туралы мәліметтер жазылып отырды;

WhatsApp топтары арқылы жедел ақпарат алмасу ұйымдастырылды;

Жеке қабылдаулар мен кеңес беру сәттері өткізілді.

3. Ата-аналар қатысқан іс-шаралар

Ата-аналар мектептің қоғамдық өміріне белсене араласты:

«Отбасы – тәрбие бастауы», «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ іс» атты тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды;

Мектеп мерекелері, ашық есік күндері мен спорттық сайыстарға ата-аналар белсенді қатысты;

Күзгі және көктемгі демалыс уақыттарында ата-аналар патрулі құрылып, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарына атсалыс:

Ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуы **жыл санап артуда.**

Жиналыстар мен іс-шараларға қатысу көрсеткіші орта есеппен **85–90%** деңгейінде болды.

Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі мен серіктестік деңгейі артты.

Жыл бойы ата-аналардың қатысуымен өткен тәрбиелік іс-шаралар:

Жыл бойы ата-аналармен тығыз байланыс орнату, олардың мектеп өміріне араласуын арттыру бағытында бірқатар нәтижелі жұмыстар атқарылды. Ата-аналар мектеп ұжымымен серіктестік қатынаста болып, тәрбиелік орта қалыптастыруға өз үлестерін қосты.

Келесі оқу жылында да ата-аналармен өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыру басты мақсат болып қала береді. **Өткізілген ата-аналар жиналысы тақырыбы: Отбасы тәрбие бастауы, «Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі»**



БІРІНШІ КЕҢЕС:
Сізге ең басты қажеттісі – балаңызға көбірек қоңіл бөліңіз.



Сабырлы болыңыз: оның мектеп жайында әңгімесін тыңдап, нақтылаушы сұрақтар қойыңыз.

- ◆ **Есте сақтаңыз:** сіз үшін маңызды емес жайттар қызыңыз немесе ұлыңыз үшін күн бойына қатты ойландыратын оқиға болуы мүмкін!
- ◆ **Балаңызды мұқият тыңдаңыз:** сонда балаға қандай көмегіңіз қажет екенін, мұғаліммен не жайында сөйлесу керектігін, баланы мектеп жанында қалдырғаннан кейінгі оның шынайы жағдайы қандай болатынын түсінесіз.
- ◆ **Оқушыға анасы мен әкесінің назары керек:** Үй шаруасымен яки теледидар керумен немесе компьютермен сөйлесу сәттеріне араластырмай балаға бөлек уақыт бөліңіз.
- ◆ **Есте сақтаңыз:** бала сіздің махаббатыңызға өзі мүлде лайық емес көзде мұқтаж болады (попаяқ ұстазы, жазушы Януш Корчак).

Егер балаңыз оның барлық іс-әрекетіне, оны ойландыратын жәйттарға сіздің қызығушылығыңызды байқаса, ол міндетті түрде сіздің қолдауыңызды сезінеді.

ЕКІНШІ КЕҢЕС:
баланың бойындағы оқушы боламын деген талпынысын қолдаңыз, оқуға деген ықыласын мадақтап, дамытыңыз



- ✓ **Мектептегі жағдайға және балаңыздың қамына шынайы қызығушылығыңызды білдіріңіз.**
- ✓ **Оның жетістіктерін атап оны мақтап қояды да ұмытпаңыз. Оның әрбір жұмысынан мақтауға тұрарлық нәрсе таба біліңіз.**
- ✓ **Есте сақтаңыз: («Жарайсың!», «Сен сондай керемет орындадың!») сияқты мақтау мен рухани қолдаулар баланың зияткерлік жетістігін айтарлықтай арттырады.**

Қорытынды: 2024–2025 оқу жылында 2 -сыныбында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүйелі түрде жүзеге асырылды. Бағдарламаның басты мақсаты – оқушылардың бойында қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік, отансүйгіштік, адалдық, парасаттылық, ар-ұждан мен рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – нақты жұмыстар арқылы өз жемісін берді.

Жыл бойына жоспарланған іс-шаралар мен тәрбие сағаттары жүйелі жүргізіліп, оқушылардың рухани дамуына, ұлттық сана-сезімінің артуына және тәртіп пен мәдениеттің қалыптасуына оң әсерін тигізді. Әсіресе, әр айға белгіленген тақырыптық бағыттарға сай өткізілген жұмыстар (еңбекқорлық, әділдік, патриотизм, бірлік, заң және тәртіп, жаңашылдық және т.б.) оқушылардың бойында қажетті құндылықтарды бекіте түсті.

Ата-аналармен байланыс белсенді жүргізіліп, жүйелі кездесулер, жиналыстар, бірлескен іс-шаралар арқылы тәрбиелік орта нығайтылды. Байланыс дәптері мен кері байланыс түрлері тұрақты қолданылып отырды. Сынып ішінде өткізілген ашық тәрбие сағаттары, ұлттық мейрамдарға арналған шаралар, тақырыптық көрмелер, шығармашылық байқаулар балалардың көшбасшылық, өнерге деген қызығушылығын оятуға ықпал етті. Сонымен қатар, оқушылардың өзара достық қарым-қатынас орнатуы мен мектепке деген ынтасын арттыруда мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысы нәтижелі болды.

Келесі оқу жылында: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының тиімділігін одан әрі арттыру;

Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту, өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіру;

Әлеуметтік белсенділікті арттыруға бағытталған жобаларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту;

Ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты жаңа форматта, заманауи әдістер арқылы жалғастыру (мысалы, семинарлар, тренингтер, онлайн кеңес беру, ата-аналар клубы және т.б.);

Ұлттық тәрбиенің маңыздылығын сақтай отырып, заман талабына сай тәрбиелік шараларды ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, 2024–2025 оқу жылындағы тәрбие жұмыстары нәтижелі аяқталып, оқушылардың тұлғалық дамуына, мектеп пен ата-ана арасындағы бірліктің нығаюына үлес қосты. Бұл бағыттағы жұмыстар келесі оқу жылында да жалғасын табады деп күтілуде.

Сынып жетекші: Исеғали Ж.С

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 оқу жылында 2-сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2024-2025 оқу жылында 2-сыныпқа 3 оқушы қабылданды. Оның 3-ы ер бала, 4-уі қыз бала. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші - 57% құрайды.

Үздік оқушылар: Молдабай Айым. Мұратқалиқызы Еркеназ

Екпінділер: Әділханов Данияр. Орынғали Жұлдызай

Отбасылық жағдайы: Сыныпта 7 толық отбасынан. Сыныпта 6 оқушы көп балалы отбасынан: Әділханов Данияр. Орынғали Жұлдызай. Молдабай Айым.

Мұратқалиқызы Еркеназ, Ахметов Сұңқар. Қожадияс Әнуарбек. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар бастауыш сыныптан орта буынға қосылғандықтан жыл бойы жаңа сынып жетекшіге, пән мұғалімдеріне бейімделу жұмыстары психологпен, әлеуметтік педагогпен жүргізілді. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты. 1-қыркүйек Білім күніне «Мектебім-мейірім мекені» атты салтанатты жиыны өткізіліп, жиыннан соң біріңғай сынып сағаты өткізілді.

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Қ.Бисебаев және ТІЖО Б.Т. Шаутонов Ж.М. 1-9 класс оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдан –алу мақсатында кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектеп ережесін сақтау жол көлік оқиғасын алдын алу, білім беру ұйымына алып кіруге тиым салынған заттарды тұтынбау, қоғамдық орындарда өзін ұстау т.б мәліметтер берілді.

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде мектебінде 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Ана» атты іс –шара өткізілді. 5-сынып оқушылары ата-аналарымен «Отбасылық шаңғы тебу» шарасына қатысты.

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 18 мамыр аналар күніне орай 5 сынып оқушылары аналарына арнап «Аяулы аналар» тақырыбында концерттік шара арқылы ыстық лебіздерін білдірді.

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 5 сынып тәрбие жоспарына сай «Адал азамат, Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Оқушылардың	«Қылқалам»	«Ұшқыр ой»	«Оқуға Құштар
бос уақыттарын		клубы	мектеп»

тиімді

ұйымдастыру

мақсатындағы

сынып

оқушылары

төмендегі

үйірме

жұмыстарына

қатысты.

«Шұбар доп»

Әділханов

Данияр.

Орынғали

Жұлдызай.

Молдабай Айым.

Мұратқалиқызы

Еркеназ, Ахметов

Сұңқар.Қожадияс

Әнуарбек

Әділханов

Данияр.

Мұратқалиқызы

Еркеназ, Ахметов

Сұңқар

Әділханов

Данияр.

Орынғали

Жұлдызай.

Молдабай Айым.

Мұратқалиқызы

Еркеназ, Ахметов

Сұңқар.Қожадияс

Әнуарбек